

**Қазақ этнопедагогикасы
материалдарын пайдалануға арналған
күнтізбелік жоспар
(ортаңғы, ересек топтарға)**

Ақпан 2020 ж.

Түсінбе зат

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу-көзек күттірмейтін мәселелердің бірі.

"Ападан ұл туса игі, ата жолдан құса игі" деп асқақ арманмен бабаларымыз бізге үлкен үміт артқан. Біз ата-баба үмітіне үкі таға отырып, болашақ ұрпақты қалыптастырумен еусындату арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру бүгінгі күн талабы. Бүгінгі таңда қазақ этнопедагогикасы үлкен жетістікке жетіп, ғылыми зерттеу объектісінің тұрақты екендігін дәлелдеді. Этнопедагогикасының әрбір саласы дүниетану, оның пайда болуын білуге ұмтылу, адамның өміріндегі алатын орнын үкілеу, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын танып білу, адам өмірінің мәнін айқындау, сияқты дүниетанымының негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жеке тұлғаның дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңге қалыптасатындықтан дүниетанымының негізі де осы жаста қаланады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты тәрбиелеу қазақ этнопедагогикасы материалдарын балалардың жас ерекшелігіне сай іріктеп алып, оқу-тәрбие үрдісінде қолданудың маңызы зор.

Бала адаммен өзінің жаппы елестетулеріне байланысты іс-әрекетті тоқтатып, қабылдаған ситуациялардан босады.

Мұның нәтижесінде сезімдік тәжірибесінің арасында байланыс орнату мүмкіндігін тудырады. Осылайша баладан ең алғашқы дүниетанымы қалыптаса бастайды. 4-5 жасқа бастап бала идеяларының нағыз жандануы басталып, ол қиял арқылы өз ойының дүниесінің суретін жасайды. Ересек адамдар мен 4-5 жастағы балалардың ойлауының айырмашылығы-бала заттар мен құбылыстарды қалай қабылдаса, солай деп түсінеді, олардың ішкі қатынастарын көре алмайды. Мысалы: күн батқанда жерге кіріп кетеді, деп түсінеді. Жер шар тәрізді домалақ емес, жылпак деп ойлайды. Бұлай қабылдауын бала әрі шын, әрі дұрыс деп есептейді. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар жөнінде дұрыс түсінік қалыпташу үшін бала-бақанадағы білім беру үрдісіне дұрыс ұйымдастыру керек. Бұл балаларды мектепке дайындаудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақ этнопедагогикасы-тәрбие бастауы әдістемелік құралы балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіне қазақ этнопедагогикасын қолдану негізінде балаларға жан-жақты тәрбие беруді көздейді.

Аталған әдістемелік құралда берілген қазақ этнопедагогикасының материалдары балалардың тілін дамытады, қоршаған орта туралы білімдерін

көпейтіп, көңіл күйлерін көтереді, үйренуге деген құштарлықтарын арттырады.

Әдістемелік құралдың мақсаты:

Қазақ этнопеддагогикасы материалдарын балалардың жас ерекшелігіне қарай іріктеп, жеке пән ретінде тәжірибеге енгізу арқылы жан-жақты тәрбие беру.

Әдістемелік құралдың міндеттері:

Қазақ этнопеддагогикасын әр сабақтарға қолдану негізінде балалардың дүниетанымын қалыптастыру, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын тануға жетелеу, таным процестерін (қабылдау, ойлау, ес, зейін, қиял т.б.) тілдерін дамыту.

Балалардың бойына адамгершілік құндылықтарын жетілдіру;

Ұлттық қадір-қасиеттерді білуге үйрету;

Әдістемелік құралымды ортаңғы топ қазақ этнопеддагогикасы материалдарын пайдалануға арналған күнтізбелік жоспар құрдым. Мұнда ортаңғы тобына жыл бойына 36 сағат жоспарланған.

Қазақ этнопеддагогикасы материалдарын тәжірибеге пайдалануға арналған оқу қызмет үлгілерін ұсынамын. Сонымен бірге, қазақ этнопеддагогикасы материалдары арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыруға арналған. Әдістемелік құралым тәжірибе тұрғысынан оқу кестесінің вариативтік бөліміне енгізіліп, қосымша оқу қызмет ретінде өткізіледі.

**Қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалануға арналған
күнтізбелік жоспар (ортаңғы топ)**

№	Уақыты	Сабақтың тақырыбы	Мақсаты
1	Қыркүйек айы 1-апта	Амандасу түрлері	Амандасу түрлерімен таныстыру: "Қайырлы таң", "Кеш жарық", "Жайлы жатып жақсы тұр", т.б. айтуға үйрету.
2	2-апта	Табиғат құбылыстары	Күз туралы түсініктері шыңдай отырып, табиғат құбылыстарын атауларымен таныстыру.
3	3-апта	Біздің еліміз	Еліміз туралы түсініктерін кеңейту, елдікке байланысты айтылған нақыл сөздің мағынасын түсіндіру.
4	4-апта	Үй қайуанаттары	Үй қайуанаттары есек, ит туралы түсініктерін кеңейту, олардың пайдасымен, жалпы ерекшеліктерімен таныстыру.
5	Қазан айы 1-апта	Үннен жасалған ұлттық тағамдар	Ұлттық тағамдар туралы түсіндіру, үннен жасалған тағамдарды ажырата білуге үйрету.
6	2-апта	Жыл мезгіліне қатысты тілектер	Жыл мезгілдерінің атауларымен таныстыра отырып, жыл мезгіліне қатысты айтылған тілектердің мағынасын түсіндіру.
7	3-апта	Халық шеберлері	Шебер жайлы түсініктерін кеңейте отырып, ағаш шебері, зергер, тігінші мамандықтары туралы түсіндіру, олардың қолынан шыққан бұйымдарымен таныстыру.
8	4-апта	Түлкі, түлкі, түлкішек (сұрамақ)	Сұрамақтың мағынасын түсіндіру, диалог түрінде сахналай отырып айтуға үйрету.
9	Қараша айы 1-апта	Ұлттық үй жиһаздары	Үй жиһаздары туралы түсініктерін кеңейту, ұлттық үй жиһаздары сандық, ағаш төсек, сырмақ, түскініз т.б. таныстыру.
10	2-апта	Су-тіршілік көзі	Судың тіршілік көзі екенін түсіндіре отырып, суға қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру, жадында ұстауға үйрету.

11	3-апта	Батырлар және олардың қару-жарақтары	Батырлар туралы түсініктерін жетілдіре отырып, батырлардың қару-жарақтарымен (садық, қалқан, қылыш т.б.) таныстыру.
12	4-апта	Дала хайуанаттары	Дала хайуанаттары туралы білімдерін кеңейту, қалай дыбыс шығаратыны жайында түсіндіру.
13	Желтоқсан айы 1-апта	Еттен жасалған ұлттық тағамдар	Ұлттық тағамдар туралы түсіндіру. Еттен жасалған тағамдармен таныстыру. Тамақтың адам денсаулығына маңызын түсіндіру.
14	2-апта	Қыс мезгілі	Қыс мезгіліне байланысты өтірік өлеңдердің мағынасын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету.
15	3-апта	Қожанасыр атаның күлдіргі оқиғылары	Қазақ ертегісінің кейіпкері-Қожанасыр туралы жазықты әңгімелерін сахмалау негізінде көрсету арқылы балалардың дүниетанымдарын кеңейту.
16	4-апта	Қайталау сабағы	Өткен материалдарды пысықтау, қайталау.
17	Қаңтар айы 1-апта	Сүттен жасалған тағамдар	Сүттен жасалған тағамдардың атауларымен таныстыру. Дәміне, көлеміне қарап ажырата білуге үйрету.
18	2-апта	Қыс (маусымдық жыр)	Қыс туралы түсініктерін кеңейту. Қыс туралы маусымдық жырдың мағынасын түсіндіре отырып, екі шумағын жатқа айтуға үйрету.
19	3-апта	Алдаркөсе атамның байды алдауы	Қазақ ертегісінің кейіпкері-Алдаркөсе туралы түсінік бере отырып, айтылған аңызды түсіндіру.
20	4-апта	Ормандағы аңдар	Аңдар туралы түсініктерін кеңейту, аңдар туралы жұмбақтардың мағынасын түсіндіріп, жұмбақ шешуге үйрету.
21	Ақпан айы 1-апта	Қазақтың өлшемдері	Қазақ халқының қол өлшемдерімен таныстыру. (көс уыс, бір уыс, шөкім, шымшым)
22	2-апта	Қысқы құбылыс	Қыста болатын құбылыстар туралы білімдерін жетілдіру, қар, мұз, қырау жөнінде түсінік беру.

23	3-апта	Ұлттық көліктер	Ұлттық көліктер-арба, атарбамен балаларды таныстыру, басқа көліктен айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырата білуге үйрету.
24	4-апта	Қайсемей қайда тұрады? (сұрамақ)	Ағасы мен қарындасының әңгімесінен туған сұрамақтың мағынасын түсіндіру. Жануарлардың қайда тұратынын туралы түсініктерін жетілдіру.
25	Наурыз айы 1-апта	Менің туыстарым	Балаларды туыстық атаулармен таныстыра отырып, дұрыс айтуға, оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. (нағашы ата, нағашы әже, нағашы ата, нағашы әже т.б.)
26	2-апта	Гүл өссе, жер жоркі	Жалпы өсімдіктердің, гүлдің адам өміріндегі маңызын түсіндіре отырып, гүлге байланысты мақалдардың, тыйым сөздерінің мағынасын түсіндіріп, жадында ұстауға үйрету.
27	3-апта	Наурыз-жыл басы	Наурыз мерекесі жайында түсініктерін кеңейте түсу, мереке қарсаңында болатын іс-шаралар жөнінде мағлұматтар беру.
28	4-апта	Хайуанаттар дүниесін елестетіп ойнайтын ойындар. "Ақ серек, көк серек".	Ұлттық ойындар туралы түсіндіре отырып, "Ақ серек, көк серек" ойыны арқалы жануарлар жөніндегі түсініктерін кеңейте түсу.
29	Сәуір айы 1-апта	Дастархан басында жасалатын бата	Бата-гілек туралы түсінік бере отырып, дастархан басында жасалатын батаның мазмұнын түсіндіру, дастархан басында бата жасауға, мәдениетті тамақтануға үйрету.
30	2-апта	Табиғатты аялаймыз	Табиғат туралы түсініктерін кеңейте отырып, табиғатты қорғауға қатысты айтылған ырымдар мен тыйым сөздермен таныстыру.
31	3-апта	Көктемгі табиғат көркі	Көктем туралы түсініктерін кеңейту, табиғатқа байланысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.

32	4-апта	Жыл кұстары	Жыл кұстары туралы білімдерін кеңейте отырып, кұстар туралы айтылған тақыда сөздердің мәнін түсіндіру
33	Мамыр айы 1-апта	Табиғи денелерді қолдана ойнайтын ойындар "Асық ойындары"	Асықпен таныстыра отырып, асық ойындарымен таныстыру, бірнеше асық ойындарын ойнату.
34	2-апта	"Кешікпей жаз келеді"	"Жаз" туралы балалардың білімдерін толықтыру, "жаз" туралы өлең мазмұнын түсіндіре отырып, жатқа айтуда үйрету.
35	3-апта	Таңша баланың өтірік өлеңдері	Таңша бала туралы түсінік бере отырып, өтірік өлеңдерді талдау арқылы шындық пен өтірікті ажырата білуге үйрету.
36	4-апта	Өткен сабақтарды қайталау	Өткен сабақтарды қайталау, балалардың білімдерін толықтау

Қазақ этнопедагогикасы материалдарын тәжірибеле пайдалануға арналған сабақ үлгілері

Сабақ тақырыбы: Су-тіршілік көзі.

Мақсаты: Су туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Судың тіршілік көзі екенін түсіндіре отырып, суға қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру, жаданда ұстауға үйрету. Суды үнемі пайдалануға тәрбиелеу

Керекті құралдар: ұнтаспа, ыдысқа құйылған су.

Сабақ барысы: 1. Балалар бір-бірінен қол алысып амандасады.

2. Ұнтаспадан судың сылдырынан аққан дыбысы естіліп тұрады. Педагог балаларға судың сылдырын тыңдата отырып, су туралы әңгімелеседі. Ыдыстағы суға тәжірибе жасап көреді. Суға қолдарын салып көріп, судың ішіне кішкентай ойыншықтар салып көріп, судың ішіндегі заттар көрінетін тұратынын немесе бетінде қалқып жүретінін бақылайды.

3. Педагог су адамдарға да, жануарларға да, өсімдіктерге де керек екенін, су болмаса, тіршілік болмайтынын түсіндіреді. Балалар судың пайдасын өздері тіршілікпен байланыстырып айтады (шай, тамақ дайындаймыз, жуытамыз, киімдерді, төсек-орындарды, еденді тағы басқа заттарды жуамыз т.б.)

4. Педагог балаларға су туралы айтылған тығым сөздердің мағынасын түсіндіріп, жаданда ұстауға үйретеді:

- Суға түкірме.
- Суды сапырма.
- Суды бекерге төгіме.

-Шелектегі суға аузыңды батырма.

Сабақтың тақырыбы: Қазіктердің өлшемдері.

Мақсаты: Қазік халқының қол өлшемдерімен таныстыру (қос уыс, бір уыс, шөкім, шымшығ). Таным процестерін дамыту, қол және саусақ бүтіндік еттерін жетілдіру.

Керекті құралдар: қазіктердің өлшемдерін көрсетіп тұрған балалардың суреттері, арнайы ыдыстарға салынған құм, тұз, шай, қант, бас ыдыстар.

Сабақ барысы: 1. Балалар бір-бірімен күшпестасып амандасу рәсімін көрсетеді.

2. Педагог балаларға тауықтарға ұястап тұрып шашын жатқан баланың, немересіне ұястап көмпит беріп жатқанын әжесінің, шөкіммен ұсақ заттарды ұстап тұрған балалардың суреттерін көрсете отырып, уыс және қос уыс туралы түсіндіреді. Балалар қолдың бір саусақтарын жымдастыра ұстап, алақан ішінен шұңқыр жасау арқылы бір уысты жасауды.

Екі қолдың саусақтарын жымдастыра ұстау арқылы қос уыс жасауды.

Бас бармақ пен саусақты біріктіріп ұстау арқылы шөкім жасауды.

Үш саусақты біріктіру арқылы шөкім жасауды үйренеді. Балалар ыдысқа салынған құмды екінші ыдысқа бір уыспен, қос уыспен санып есептеді. Қантты, шайды, тұзды басқа ыдыстарға шымшығмен, шөкіммен алып салады.

Сабақтың тақырыбы: Табиғатты ақшайма.

Мақсаты: Табиғат туралы түсініктерін кеңейте отырып, табиғатты қорғауға қатысты айтылған ырымдармен тығым сөздермен таныстыру.

Керекті құралдар: суреттер

Сабақ барысы: 1. Балалар дөңгелегіп тұрып, аспанмен, жермен және бір-бірімен амандасады.

2. Педагог балалардың назарын бейнестасақта әсем табиғаттың көрнісіне аударалы (жайқалып өскен ағаштар, өзендер, таулар т.б.)

3. Педагог балаларды табиғат құбылыстарының атауларын дұрыс айтуға үйретеді:

-Күн шығады.

-Күн батады.

-Жаңбыр жауады.

-Жел соғады.

-Күн күркірейді.

-Өзен сулары ағады.

-Ағаштар, шөптер өседі.

4. Педагог балаларға табиғат біздің досымыз, оны үнемі қорғап, аялап жүру керектігін түсіндіреді. Табиғатты қорғауға байланысты бірнеше тығым сөздермен таныстырылады.

-Өсіп тұрған ағашты сындыруға болмайды.

-Көк шөкті жұлға болмайды.

-Ағып жатқан суға көкке тастауға болмайды.

Сабақтың тақырыбы: Дастархан басында жасалған бата.

Мақсаты: Бата-тілек туралы түсінік бере отырып, дастархан басында жасалатын батаның мазмұнын түсіндіру дастархан басында бата жасауға, мәдениетті тамақтануға үйрету.

Керекті құралдар: Дастархан.

Сабақ барысы: 1. Балалар жартылай іштей жасап отырады.

2. Балаларға қонаққа ата келеді. Балалар атамен амандасадy. Ата балаларымен кімде атасы, кімде нағаны атасы бар екенін сұрайды. Педагог нағаны ата-аналарының әкесі екенін балалардың естеріне салады.

3. Педагог ата мен балаларды алдын ата дайындалған дастархан басына шақырады. Балалар дастарханда тұрған ұлттық тағамдардың аттарын атап береді.

4. Педагог балаларға дастархан басында дұрыс-дұрыс тамақтану мәдениетін түсіндіреді:

-Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.

-Табаққа үшкен аламдардан бұрын қол сөзбе.

-Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.

-Тамақты асықпай ішіп үйреніндер, асығып ішкен тамақ әс болмайды.

5. Барлығы дастарханды тамақтан ауыз тиеді. Педагог тамақ ішіп болған соң дастарханға бата жасайтынын түсіндіріп, атадан бата сұрайды. Бата жасатан кезде қол жаю керектігін айтады. Ата бата береді.

-Дастарханға береке берсін,

Бастарыңа мереке берсін.

Астырыңа адалдық берсін,

Бастарыңа амандық берсін

Әмин!

6. Балалар атаға рахмет айтып, қоштасады.

Сабақтың тақырыбы: Тазша баланың өтірік өлеңдері.

Мақсаты: Қазақша амандасу туралы білімдерін кеңейту, үлкендермен, жақын туыстарымен амандаса білуге, оларды сыйлай білуге баулу, дүниетанымдарын едәптастыру. Өтірік өлең туралы мағлұматтар беру. Өтірік өлең арқылы өтірік пен шындықты салыстыра отырып, ажырата білуге жетелеу.

Керекті құралдар: Өтірік өлеңдерге байланысты салынған суреттер, ұнтаспаға жазылған өтірік өлеңдер жинағы.

Сабақ барысы: Балалар жарты жемісін жасап отырады. Балалармен қосқанда Тазша бала келеді. Балалар Тазша баламен, бір-бірімен қалақша тос қығыстырып амандасалы. Балалар педагогтың басшылығымен Тазша балаға өткен сабақтарға танысады. Өлеңі бізетін ауыл әдебиеті жанрлары: жырлышаштарды, санамақтарды, каламақтарды, сұрамақтарды, тапмақтар мағынасын түсіндіре отырып, жатқа айтып береді. Тазша бала балаларға өтірік өлең айтып береді. Педагог балаларға өтірік өлең танып, сипаты айтылатынын, бірақ өзінің аты айтып тұрғандай, өлең мазмұны өтірікпен құралатынын түсіндіреді. Тазша баланың айтқан өтірік өлеңдерін талдайды. Мысалы: Мініп алып құртқа

Өрмезелім бүткім

Алып келіп айды,

Көрсеттім көп құртқа-

Мұнда жандыққа мініп алып бүткім өрмезен шығуға болмайтынын, аспандағы айды алу мүмкін еместігі түсіндіріледі.

Осылайша балалармен бірге бірнеше өтірік өлеңдердің мазмұнын Тазша баладан және ұлтаспадан ести отырып, талданады, балалар өтірік өлеңдерді жатқа айтуға үйренеді.

Ойын: Жаңылма.

Ойын барысы: Қаламақ айту арқылы ойын жүргізушіні тағайындайды. Ойын жүргізуші тапмақ, не өтірік өлең, не жұмбақ айтып тұрады да, әр түрлі іс-әрекеттер жасайды (жата қалады, не өзінің құлағын ұстайды, бетін құбылтады). Ойыншылар ойын жүргізушіні жасаған іс-әрекетінен қатыспай қайталауы керек. Жаңылып қалған ойыншы айыпты болады.

Балалар өтірік өлеңге байланысты салынған суреттер арқылы ойдан өтірік өлең немесе өтірік әңгіме құрастырады.

**Қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалануға арналған
күнтізбелік жоспар
Ересек тобы**

№	Уақыты	Сабақтың тақырыбы	Мақсаты
1	Қыркүйек 1-апта	Қазақша амандасу	Қол алысын, құшақтасын, амандасу түрлерін түсіндіру. Бір-бірімен, үлкендермен амандасу дағдыларын қалыптастыру.
2		"Адам" деген ардақты ат	Адамға тән қасиеттермен таныстыра отырып, адамгершілікке байланысты айтылған тыйым сөздерді мағынасын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету.
3	2-апта	Алтын күз	Күз туралы түсініктерін кеңейту, күздің "Алтын күз" деп аталу ерекшеліктерін түсіндіру. М.Әлімбаевтың "Алтын күз" туралы өлеңінің мағынасын түсіндіру.
4		Күзгі табиғат	Күз туралы түсініктерін кеңейте түсу. Күзгі табиғатқа қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру. Күзгі табиғаттың ерекшеліктеріне байланысты ауа райын бақылауды үйрету.
5	3-апта	Тазша баланың өтірік өлеңдері	Өтірік өлең туралы түсінік беру. Өтірік өлең мазмұнын талдау арқылы өтірік пен шындықты ажырата білуге үйрету. Қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіру.
6		Тазша баланың өтірік өлеңдері (жалғасы!)	Бірнеше өтірік өлеңнің мазмұнын балалардың өздеріне талдау арқылы жатқа айтуға үйрету.
7	4-апта	Жыл құстары	Жыл құстары туралы білімдерін кеңейте отырып, құстар туралы айтылған нақыл сөздердің мәнін түсіндіру.
8		Құстарға қарап ауа райын болжау	Құстарға қарап ауа райын болжаудың әдістерімен таныстыру.
9	Қазан айы 1-апта	Қазақша отыру түрлері	Қазақша отыру түрлерімен таныстыру (малдас құрып отыру, он немесе сол жақ жамбасымен отыру, тізірлен отыру т.б.)
10		Қазақша жату түрлері	Қазақша жату түрлерімен таныстыру (етпетінен жату, шалқайып жату, бүктісіп жату, қырымен жату т.б.)

11	2-апта	Егін жинау науқаны	Егін туралы түсініктерін кеңейте отырып, оны жинау барысындағы атқарылатын жұмыстарымен таныстыру. Елбек, дәнші-дәкендер туралы мәселелердің мәнін түсіндіру.
12		Сабан той	Күзгі науқын жайында түсініктер беру. Күзде болатын мереке сабан тойымен таныстыру. Жемістер, көкөністер туралы жұмбақтардың мағынасын түсіндіре отырып, шештіру.
13	3-апта	Қазақ ханы	Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсіндіре отырып, Абылай хан туралы түсіндіру. Абылай ханның кішкентай кезіндегі аты Сабалақ екендігі туралы әңгімелеп беру.
14		Қазақтың билері	Қазақ билері-Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, жайында түсінік беру. Татулық, бірлік туралы айтылған билер сөзінен үлгі келтіре отырып, ел бірлігінің маңыздылығы туралы түсіндіру.
15	4-апта	"Түлкі, түлкі, түлкішек" (сұрамақ)	Сұрамақ туралы түсінік бере отырып, "Түлкі, түлкі, түлкішек" сұрамағын сұрамақ ретінде айтулы үйрету.
16		"Түлкі, түлкі, түлкішек" (сұрамақ жалғасы).	Сұрамақты рөлдерге, шағын топтарға бөлініп орындау, балалардың қызығушылықтарын арттыру.
17	Қараша 1-апта	Ағаштан жасалған ұлттық үй жиһаздары	Ағаштан жасалған үй жиһаздары туралы түсінік беру. Үй жиһаздарын жасайтын ағаш шебері, ұста туралы түсіндіру.
18		Жүннен, матадан жасалынған үй жиһаздары	Жүннен, матадан жасалынған үй жиһаздары туралы түсіндіру, аттарымен таныстыру, тігінші, кестеші, ормек тоқушы кәсібі туралы мағлұмат беру.
19	2-апта	Су-тіршілік көзі.	Судың тіршілік көзі екенін түсіндіре отырып, суға қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру, жазықта ұстауға үйрету.

20		Халқымыздың суды қорғау дәстүрі.	Су туралы түсініктерін кеңейте отырып, халқымыздың суды қорғау дәстүрлерімен таныстыру.
21	3-апта	Халық шеберлері	Шебер жиналы түсінік бере отырып, ағаш шебері, ұста, зергер мамандықтары туралы түсіндіру, олардың қолынан шыққан бұйымдармен таныстыру.
22		Халық шеберлері	Шебер жөніндегі түсініктерін одан әрі шыңдай отырып, тігінші, жестені, тоқымашы мамандықтарымен, пайдаланған құралдарымен "ұршық, біз т.б." таныстыру. Олардың қолынан шыққан бұйымдар туралы түсінік беру.
23	4-апта	Үй жануарлары қалай үйделді?	Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың ерекшеліктеріне қарай қалай дыбыс шығаратынын жайында түсіндіру.
24		Дала жануарлары қалай үйделді?	Дала жануарларының қалай дыбыс шығаратынын жайында түсіндіру.
25	Желтоқсан I-апта	Дәнінен жасалатын тағамдар	Ұлттық тағамдар туралы түсіндіру, ұннан, дәмі-дәмділерден жасалған тағамдарды ажырата білуге үйрету.
26		Нан-ас атасы	Нан түрлерімен таныстыру (таба нан, күлше, бөлке нан, таңдыр нан т.б.) Нанды кәсіпкерге үйрету
27	2-апта	Қысқы көрініс	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейте түсу. Қысқы құбылыстар-ақ, боран, қар туралы түсіндіру. Қыс туралы мақал-мәтел, нақыл сөздермен таныстыру.
28		Қысқы орман және орманның ата	Орман, орманның туралы түсінік беру. Орманның қысқы көрінісі туралы әңгімелесе отырып, ағаштармен ауыл әдебиеті үлгілерін қолдана отырып таныстыру (жұмбақтар, мақал-мәтелдер т.б.)
29	3-апта	Ұлттық көлік түрлері	Ұлттық көлік түрлері (арба, күйме, атарба т.б.) көлік түрлерімен таныстыру. Халқымыз қалай қолданғаны туралы мағлұмат беру.
30		Көліктер мен жаяу адам жүретін жолдар	Көліктер мен жаяу адам жүретін жолдардың аттарымен таныстыру (әуе жолы, темір жол, су жолы, жалғыз аяқ жол, даңғыл жол т.б.)

31	4-апта	Ат және оның әбзелдері	Ат және оның әбзелдері жайында түсінік беру әбзелдердің аттарымен (жүткі, көмшесі, ер, тігін, шідер т.б.) қолдану ерекшеліктерімен таныстыру.
32		Қайталау сабағы	Жарты жылды мен ер ең білімдерін бекіту.
33	Қаңтар 1-апта	Тәжікелесулер	Балаларға тәжікелесу туралы түсіндіру арқылы әңгіме-қимылды түсіне білуге, оны орындай қолдана білуге үйрету.
34		Тәжікелесулер (жалғасы)	Тәжікелесу туралы білімдерін тиянақтап отырып, тәжікелесудің бірнеше түрлерімен таныстыру. Дыбыс түрде дүріс айта білуге үйрету.
35	2-апта	Қар және оның пайдасы	Қардың пайдасы туралы түсінік бере отырып, қардың ерекшеліктерімен таныстыру (ақпен басқанша сықырлайды, сырғанайды, еркін, аппақ ұлата т.б.)
36		Қысқы ауа райын болжаудағы халық болжамдары	Қысқы ауа райын болжаудағы халық болжамдарымен таныстыра отырып, бірнеше болжамдарды балалармен бірге бақылап қору.
37	3-апта	Санамақтар	Санамақ туралы түсіндіру, қолдану ерекшеліктерімен таныстыру. Санамақты жатқа айту арқылы балаларды ойынға шығаруда т.б. қолдана білуге үйрету.
38		Танертеңгілік санамақтар	Санамақ жөніндегі білімдерін тиянақтау, танертеңгілік санамақтың мағынасымен таныстырып, жатқа айтуға үйрету.
39	4-апта	Қыстап қалатын құстар	Қыста қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейте отырып, құстар туралы жұмбақ шешу, тығым сөздердің мағынасын түсіндіру.
40		Бала мен кекеліктің айтысы	Қыстап қалатын құстар жөніндегі білімдерін жетілдіре отырып, бала мен кекеліктің айтысын тыңдата отырып, құстарға қамқорлық жасауға баулу.
41	Ақпан 1-апта	Сырмаше-ұлттық жиһаз	Сырмаше жасау жолымен таныстыру. Жүн түту, жүн сабау, жүнді бояу, жін басу, жін иіру, жиектеу т.б. іс-әрекеттері туралы түсінік беру. Ұлттық бұйымдарды бағалай білуге жетелеу.

42		Қонақ күту рәсімі	Халқамыздың қонақ күту рәсімі туралы түсіндіру, қонақты қарсы алу, есік ашып кіргізу, астына сырмақ салып төрге отырғызу, қонаққа арнап арнайы ас дайындау т.б. дәстүрлермен таныстыру. Қонақжайлылыққа байланысты айтылған ұлағатты сөздердің мағынасын түсіндіру.
43	2-апта	Қыс қысығы	Қыста табиғат аясында ойынатын ойындармен таныстыра отырып, қардан қамал, үңгір жасауды үйрету. "Қамалды қорғау", "Аюдың апаны", т.б. ойындарды ойнату.
44		Мұз және мұз сүңгірлері	Мұз және мұз сүңгірлерін түсіндіре отырып, ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету. "Мұз" сұрамағанының мазмұнын түсіндіру.
45	3-апта	Айтыс өнері	Сөз өнері-айтыс туралы түсіндіру. Айтыстың ерекшелігімен таныстыру.
46		Ер бала мен қыз баланың айтысы	Қызы бала мен ер баланың айтысын жатқа айтуда үйрету. Айтыс айтудың ерекшелігін түсіндіру.
47	4-апта	Аңшы және аңшы құралдары	Аңшылық кәсіп туралы түсінік беру. "Құралайды көпте атқан мерген" сөз тіркесінің мағынасын түсіндіре отырып, аңшы құралдарымен (мылтық, садақ, тұзақ т.б.) таныстыру.
48		Қыран бүркіт	Қыран бүркіт те аң аулаудың бір құралы екендігін түсіндіре келе, бүркітшілер туралы, бүркіт туралы әңгімелеп айтып беру.
49	Наурыз айы 1-апта	Ұлттық ою-өрнектер	Ұлттық ою-өрнектермен, олардың аттарымен, аталу себептерімен, қолдану ерекшеліктерімен таныстыру. Аналарымыздың еңбектерін құрметтей білуге баулу.
50		Әдептілік-адемілік	Аналарды, қыз балаларды сыйлауға үйрету, ашымгершілікке байланысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.
51	2-апта	Көктемгі табиғат көркі	Көктем туралы түсініктерін кеңейту, табиғатқа байланысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.

52		Ауа райының табиғат көріністері мен құбылыстарына қарап болжау	Ауа райы құбылыстары туралы білімдерін жетілдіре отырып, ауа райы құбылыстары мен көріністеріне қарап болжауды үйрету. Табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын арттыру.
53	3-апта	Наурыз-жыл басы	Наурыз мерекесі жайында түсініктерін кеңейте түсу, мереке қарсаңында болатын іс-шаралар жөнінде мағлұматтар беру.
54		Ұлыс күні айтылатын бата-тіліктер	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін бекіте отырып, мерекеде айтылатын бата-тіліктермен таныстыру, бірнешеуін жатқа айтып үйрету.
55	4-апта	Хайуанаттар әлемі	Хайуанаттар туралы, хайуанаттар бағы туралы түсінік бере отырып, жұмбақтар шешу.
56		Хайуанаттар дүниесін елестетіп ойнайтын ойын "Асау мәстек"	Жануарлар туралы түсініктерін кеңейте отырып, "Асау мәстек" ойыны арқылы мәстек жайында түсінік беру, балалардың тілдерін жетілдіру, қаңқа-күйлерін көтеру.
57	Сәуір айы I-апта	Шілдехана тойы	Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы түсіндіру, шілдехана тойының өту барысын желілі рөлді ойын ретінде көрсету. Балаға ат қою
58		Тұсау кесер тойы	Салт-дәстүр туралы түсініктерін жетілдіре түсу. Тұсау кесер тойын желілі рөлді ойын ретінде көрсету. Тұсау кесер жырын айтуға үйрету.
59	2-апта	Гүл өссе, жер көркі	Өсімдіктер туралы білімдерін жетілдіре отырып, гүл туралы айтылған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру.
60		Халқымыздың өсімдіктерді қорғау дәстүрлері	Өсімдіктердің адам өміріне маңызын түсіндіру. Өсімдіктерді қорғауға байланысты айтылған табиғи сөздердің мағынасын түсіндіру, жанында ұстауға үйрету.
61	3-апта	Ер адамдардың ұлттық киімдері	Ұлттық киімдер және олардың аттары туралы түсінік беру. Ер адамдардың ұлттық киімдерін ажырата білу.
62		Әйел адамдардың ұлттық киімдері	Ұлттық киімдер және олардың аттары туралы түсінік беру, әйел адамдардың ұлттық киімдерін ажырата білу.

63	4-апта	Жыл құстары	Жыл құстары туралы білімдерін кеңейте отырып, құстар туралы айтылған мақал-сөздердің мәнін түсіндіру.
64		Құстарға қарап ауа райын болжау	Құстарға қарап ауа райын болжаудың әдістерімен таныстыру.
65	Мамыр айы 1-апта	Қыз балалардың отбасындағы еңбегі	Қыз балалар көбінесе аналарына көмектесіп, үй шаруасын атқаратындығын түсіндіру (үй сыпыру, кір жуу, құрақ құрау, тұйық қазу т.б.)
66		Ер балалардың отбасындағы еңбегі	Ер балалар көбінде әкелеріне көмектесіп сыртқы шаруаларды атқаратындығын түсіндіру (отын жару, отын жинау, мал қайыру, су әкелу т.б.)
67	2-апта	Көктемгі құбылыстарға қарап ауа райын болжау	Көктемгі құбылыстарға қарап ауа райын болжаудың ерекшеліктерімен таныстыра отырып, бақылай білуге үйрету.
68		Жайлауда	Балаларға жайлау туралы түсінік бере отырып, ондағы тіршілікпен таныстыру.
69	3-апта	Қазақ батырлары	Қазақ батырлары туралы таныстыру, батырлар туралы түсірілген қазақ кинолары жайында қысқаша әңгімелеу.
70		Батырлардың қару-жарақтары	Батырлардың қару-жарақтарымен таныстыру, батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру.
71	4-апта	Хайуанаттар дүниесін елестетіп ойнайтын ойындар "Ақ байпақ"	Ұлттық ойындар туралы түсіндіре отырып, "Ақ байпақ" ойны арқылы жануарлар жөніндегі түсініктерін кеңейте түсу.
72		Өткен сабақтарды қайталау	Өткен сабақтарды қайталау, білімдерін тиянақтау.

Қазақ этнопедagogикасы материалдарын тәжірибеле пайдалануға арналған сабақ үлгілері

Тақырыбы: Ұлттық көліктер

Мақсаты: Балалардың көліктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, ұлттық көлік түрлерімен таныстыру, дүниетанымдарын кеңейту, табым сөздерін мағынасын түсіндіре отырып, жазында ұстауға үйрету.

Керекті құралдар: көліктердің, ұлттық көліктер түрлерінің суреті, бейне-фильмдерден үзінді, ат, түйе ойыншықтары, әр түрлі текшелер.

Сабақ барысы: Балалар жартылай шебер жасап отырады, жазыққа амандасудың бір түрі-қол алысып амандаса отырып, "Амансың ба?" деп айтуды үйренеді.

Педагог балаларға суреттер арқылы көліктердің адам өміріндегі маңызы туралы түсіндіре келіп, машина, ұшақ, поезд пайда болмаған кезде адамдар нені пайдаланғаны туралы айтуды ұсынады. Педагог балалардың айтқан ойларын қорытындылай отырып, қазақ халқы жылқы, түйе малдарын пайдаланғаны туралы түсіндіреді.

Балаларға бейнефильмдерден үзінді көрсетіліп, балалар мен балаларға сүрек қоя отырып, жылқыны, түйені көлікке қалай пайдаланғаны туралы әңгімелеседі.

Ұлттық көліктердің суреті көрсетіліп, ұлттық көліктер-арба күймемен таныстырады:

Ат (жылқы)-мүште болатын атты таңдап алып, көлікке пайдаланған.

Ат арба-шеберлер атқа сәйкестіріп, арба жасаған. Оны атқа жегіп, жүк артқан, көлікке пайдаланған.

Күйме -арбаға ұхсас, бірақ төртбұрыштан, әшекейлен, жабық түрде жасаған. Мұны да атқа жегеді.

Түйені мініске, жүк артуға пайдаланған.

Ойын: Сымсыз телефон.

Ойын барысы: Ойынға қатысушылар жартылай шебер жасап отырады. Ойын жүргізуші бірінші отырған ойыншының құлағына сыбырлап "күйме" деген сөзді айтады. Ол сөзді естіген ойыншы сыбырлап екінші ойыншыға айтады. Осылайша барлық ойыншы сөзді сыбырлау арқылы естігеннен кейін соңғы ойыншыдан бастап, қандай сөз естігені сұралады. Сөз қай жерде дұрыс айтылмаса, сол жерден телефон сымы үзілген деп есептеліп, телефон сымын үзген бала ойыннан шығарылады. Ойын қайталанып ойнала береді.

Балалар әр түрлі текшелерден ат, түйе ойыншықтарын дайындап отырып, ұлттық көліктерді құрастырады.

Сабақтың тақырыбы: Қалақона отыру түрлері.

Сабақтың мақсаты: Балаларды қалақона отыру түрлерімен (малдас құрып отыру, жүгініп отыру, жамбастап отыру) түрлерімен таныстыру. Ұлттық дәстүрлерімізді құрметтей білуге, үлкендерді сыйлай білуге тәрбиелеу.

Керекті құралдар: Отырудың түрлері көрсетілген фотосуреттер.

Сабақ барысы: Балалар қалақона төңірегіндегі айналасында. Бір-бірінің өскен саулығын сұрайды. Педагог балаларға әр түрлі қалақта отырған балалардың фотосуреттерін көрсете отырып, отыру түрлерімен таныстырады.

Малдас құрып отыру-екі аяқты қарама-қарсы бүгіп, жайышып отыру. Ер адамдар үшін ыңғайлы отыру түрі. Сондықтан көбінесе ер адамда отырады.

Жүрелен отыру- Екі аяқты бүгіп, табынды жерге тигізіп отыру.

Жүгініп отыру-Тізерлен отыру.

Жамбастап отыру-Жамбаспен көбінесе қыз балалар, әйел адамдар отырады. Оң жақ жамбаспен немесе сол жақ жамбаспен отыруға болады. Балалар отыру түрлеріне байланысты суреттерді танытып, адамдардың қалай отырғанын айтады (малдас құрып әңгімелесіп отырған қариялар, жамбаспен отырып ұрыштық иіріп отырған әже, жүгініп құран оқып отырған ата т.б.).

Ойын барысы: "Біз де".

Ойын барысы: Ойынға қатысатын балалар қаз-қатар отырады. Ойын бастаушы ойыншылар алдына шығып, әңгіме айтып бастайды. Егер ойын бастаушы адамдарға тән іс-әрекет туралы айтса, ойыншылар "біз де" деп қосылып отырады. Егер адамға тән емес іс-әрекет туралы айтса, қосылмауы керек. Байқамай қосылды, "бізде де" деп қосылып, айттып қойған бала ойындан шығады.

-мен ауылға атам мен әжемнің үйіне бардым

-біз де!

-атам екеуміз малдас құрып отырып шай іттік

-біз де!

-атам екеуміз қой жайдық

-бізде

-атам жүгініп отырып қозыға сүт берді

-біз де

-жіпкентай қозы маңырады

-біз де (осы кезде "біз де"-деп қалса, ойын тоқтайды. Қателескен бала өз өнерін көрсетеді)

Ортаға бірнеше балалар шығып отыру түрлерін көрсетеді. Қалған балалар отыру түрлерін айтады.

Сабақ тақырыбы: Ат және оның әбзелдері.

Сабақ мақсаты: Балалардың төрт түлік мал туралы түсініктерін кеңейте отырып, ат және оның әбзелдерімен таныстыру. Ат әбзелдерінің аттарын дұрыс айтып, ажырата білуге үйрету. Қазақ бағырларының серігі-ат екендігі туралы әңгімелеп беру. Балалардың бойына жануарларға деген сүйіспеншілік.

Керекті құралдар: төрт түлік мал және ат әбзелдері, ойыншық ат, ұлтаспа.

Сабақ барысы: Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады. Мисалы: Аман болайық, еліміз тыныш болсын, асниміз сау болсын т.б. Педагог балаларға төрт түлік малдың суреттерін көрсете отырып, адамға пайдасы туралы әңгімелейді. Жылқыға ерекше тоқталып, халқымыз көлік ретінде пайдаланғанын, батырларымыз жаудан елді қорғаған кезде ат батырлардың серігі болғанын әңгімелеп айтып береді.

Атқа мінген кезде пайдаланатын құралдары ат әбзелдері деп атайтынған педагог көрсете отырып түсіндіреді.

Ер-ағаштан жасалып, сырты терімен қапталады. Екі басы қайқайып, ортасына адам отыруға ыңғайлы етіп жасаған.

Жүген-аттың басына күтізілетін құрал, оны қайыстан жасайды.

-жүгенге тағылатын берік бау. Атты осы шылбырынан ұстап, бағыттап жүріп отырады.

Қамшы -ат айдайтын қамыстан өріп жасалған құрал.

Педагог балаларға ойыншық атқа әбзелдерді қалай салу керек екенін көрсетеді.

-Алдымен ер салады, ер түсіп қалмас үшін астың қайыспен байлайды, аттың басына жүгенін саламыз, жүгенге шылбырды байдаймыз. Ат басқа жаққа кетіп қалмау үшін ат байлайтын ағашқа шылбырынан байдап қоямыз. Атқа мінген кезде қолымызбен ерден ұстап, аяғымызды жүгеніге салып, атқа қарғып мінеміз. Сол қолымызға аттың шылбырын ұстаймыз, оң қолымызға қамшы ұстаймыз.

Балалар педагогпен бірге ат әбзелдерінің аттарын атап, ойыншық атты ерттейді. Педагог балаларға ат туралы айтылған мақалдың мағынасын түсіндіре отырып, сабақты аяқтайды.

Ер қанаты-ат.

Жаман ат жолда қалдырар.

Жаман дос жауда қалдырар.

Сабақтың тақырыбы: Халық шеберлері

Сабақ мақсаты: Шебер жайлы түсінік бере отырып, ағаш шебері, ұста, зергер мамандықтарын туралы түсіндіру, олардың қолынан шыққан бұйымдарымен таныстыру. Адамдардың еңбегін бағалай білуге үйрету.

Керекті құралдар: Ағаш шебері, ұста, тігінші, зергер мамандықтарынан шеберханаларынан және олардың жасаған бұйымдары түсірілген слайдтар.

Ойыншық үй жәпәздары, әшекей бұйымдар, қуыршақтың қазақша киімдері.

Сабақ барысы: Балалар бір-біріне ағаш тастаканды беру арқалы тілестерін айтады. Педагогқа ағаш тастакан тілестерге "толып" оразады.

Педагог балалардың назарын үй ішіндегі заттарға, үстіміздегі киімдерге аударады (үстелдер, орындықтар, есіктер, терезелер және олардың тұтқалары, киіп отырған киімдер, зергерлік бұйымдар т.б.).

Осы заттарды кім жасады деп ойлайсындар?-деп сұрақ қоя отырып ортаға сылады.

3. Педагог алдын ала дайындаған слайдтарды көрсете отырып, ағаш шебері, ұста тігінші, зергер мамандықтары туралы, олардың қолдарынан жасалған бұйымдар туралы түсіндіреді.

Ағаш шебері-ағаштан түйін түйетін алам (ағаштан заттар жасайды). Сидық, кебеже, үстел орындық, шкафтар ағаш шеберінің қолынан жасаған заттар.

Ұста-темірден заттар жасайды. Ұстаның әрекетін "жасайды" деп емес "соқты" деп атайды. Ұста-пышақ, күрек, балға, балшының бастарын, есіктің терезенің тұтқыларын соғады.

Тігінші-әр түрлі киімдерді тігеді. Біздің үстіміздегі тондарымызды, көйлектерімізді, шалбарларымызды тігіншілер тіккен.

Зергер-алтыннан, күмістен биғалы темірлерден әшекейлік бұйымдар жасайды. Аналарымыздың, қыз балалардың тағып жүрген сырғалар, жүзіктер, білезіктер тағы басқа әшекей бұйымдар зергердің қолынан шыққан.

Ойын: "Қай шебер жасаған?"

Ойын барысы: Үстелдің үстіне шеберлердің жасаған заттары қойылады. Балалар ағаш шеберінің заттарын бір бөлек, зергердің заттарын бір бөлек жинақтайды.

Педагог балаларға он саусағынан өнер тамған шеберлердің жасаған бұйымдарын ұжымты пайдалануды, олардың еңбектерін сыйлауды түсіндіреді. Сабақты Оразақын Асқардың төмендегі өлең жолдарымен аяқтауға болады.

Әркімге керек қол өнер

Он саусаққа он өнер.

Түгел болар дүниені,

Біліп аласың оны егер.

Сабақтың тақырыбы: Әйел адамдардың ұлттық киімдері.

Сабақтың мақсаты: Ұлттық киімдер және олардың аттары туралы түсінік беру, әйел адамдардың ұлттық киімдерін ажырата білуге үйрету. Әйел адамдарға, қыз балаларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Керекті құралдар: ұлттық киім киген әйел, ана, юза баланың суреттері.

Сабақ. Педагог үкілі тақияны бір қыз балаға кигізіп, ортаға отырғызады. Балалар ортада отырған достарына мақтау сөздер айтады. Ортадағы бала достарының мақтау сөзіне ризашылығын білдіреді. Бірнеше балалармен қайталанып ойналады.

3. Балаларға ұлттық киім киген әйел адамдардың суреттері көрсетіледі. Педагог балаларға әжелердің киетін киімдері басқаша, қыз балалардың киетін киімдері басқаша екенін сурет арқылы түсіндіреді.

Әжелер көйлек, көйлек сыртынан камзол, шапан киген. Бастарына киіменік киеді. Қыз балалар, бүрмелі көйлек, сыртынан желдет киген. Бастарына үкілі тақия, аяқтарына әдемі оюлы етік киген. Ал, апаларымыз бастарына орамал таққан. Балаларға ұлттық киім туралы толық мағлұмат беріледі.

Тақия-дөңгелегі тігілген жеңіл бас киім. Қыздар киетін тақиялар түрлі-түсті ою салып, моншақтармен әшекейленеді.

Шапан-сырт киім. Шапанның етектері, жеңдері ұзын, ою-өрнектермен әшекейленеді. Сәнді шапандарға түйменің орнына қалсырма (Lіtek) тағады.

Мәсі-аяқ киімінің бір түрі. Мәсінің етіятен айырмашылығы өкшесі болмайды. Сондықтан әжелер киюге өте ыңғайлы. Мәсінің сыртынан көбіс киеді.

Ойын: "Бұл не ?"

Ойын барысы: Балаларға слайдтан ұлттық киімдерінің төрттен бір бөлігі көрсетіліп, қандай киім екені сұралады. Егер бала таба алмаса, екіден бір бөлігі көрсетіледі. Соңында киім толығымен көрсетіледі.

Қорытыншы

Менің дайындаған әдістемелік құрылым балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарына қазақ этнопедагогикасын қолдану негізінде балалардың тілдерін дамыту, санады тәрбие беру көзделген.

Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қазақ этнопедагогикасын қолданудың әдістемесі, күнтізбелік жоспарлары мен сабақ үлгілері және қазақ этнопедагогикасы арқылы тәрбиелеу балаларды тәрбиелеу мен білім беруге арналған хрестоматикалық материалдар жинақталып берілген. Әдістемелік құрал мектеп жасына дейінгі ұйымдарда жұмыс істейтін педагогтерге арналған.

Пайдаланган әдебиет тілімі

1. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Ред. М.С.Орынбеков-Алматы: Ғылым 1995-181б.
2. Ахметов,Ш. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1974ж.
3. Әбілова З.Ә. Қ.Қалиева. Этнопедагогика оқулығы-Алматы, 1999ж
4. Жаттамас: тақпақтар, өлеңдер-Алматы, Балауса, 1994-288б.
5. Елікбаев Н. Ұлттық психология. Алматы, Қазақ университеті, 1992ж-96б.
6. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика-Астана, 2007ж.
7. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы-Алматы, Білім, 1999.166б.
8. Қалқабаева М. Балалар әдебиеті-тәрбие құралы-Алматы, Мектеп 1976ж.

Педагогикалық іс – тәжірибе «Этнопедагогика балабақшада»

Мектепке дейінгі ұйымда қазақ этнопедагогикасын қолданудың мәні Қиғаш заман ітсе де, миңынан жоймаған этнопедагогиканы, яғни халықтық педагогиканы тәлім - тәрбиенің түп қазығына айналдыру ата - ананың да, қоғамның да басты борышы.

Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми - педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Халық педагогикасынан жан - жақты зерттеген ғалымның бірі Г. Н. Волков. Ол ең алғаш рет «Этнопедагогика» терминін қолданды. Ал қазақ тілінде этнопедагогиканың мән-мағынасын аңсаған ғалым Қ.Жарықбаев. Этнопедагогика жас үрпақты тәрбиелеуде халық тәрбиесін негізге алады.

Халық педагогикасы - бұл ұлттық қазына. Ұлттық тәрбие беру мәселесі ал-Фарабидің, Ж.Баласағұндың, М.Қашғаридің еңбектерінде көрініс табады.

Ұлтымның ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады.

Халқымыздың кемеңгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердіевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, т.б. педагогикалық мұрасында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді.

Тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық педагогиканың аумағы кеңейе түседі.

Олар: ертегілер, "жырлар, жанылтанаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал - мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, халықтық ойындар мен ойыншықтар. Ертегілер баланы қиялға апаратын, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытып, жан - дүниесін, мінез - құлқын қалыптастырады, дарын ныпандарын өріктейді. Жанылтанаштар баланың тілін ширатады. Жанылтанаштың дүниетанымдық түрлері мен тәрбиелік нұсқалары әрі баланың тілін ширатып, әрі ой - өрісін кеңейтеді.

Жұмбақтар мен жұмбақ айтыстар баланың ойын, қиялын шарықтатып, қияндық пайымды қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды. Санамақтар баланың ойлау жүйесін жетілдіріп, оның сөзжеті нұсқаларға тапқырлық табытуға құштар етеді, дүниетанымдық мәңге құрылған санамақтар баланы жастық тапқырлық қабілетін дамытуға септігін тигізеді.

Мазақтамалық, әзіл уытымен баланың басындағы кемшіліктерді көрсетіп, сергектікке тәрбиелейді, дегенмен, ертеде құрылған мазақтамалардың ағайы түрлері де болған, халықтың мәдениеті өскен сайын, ауыз әдебиетінің бұл түрі сыпайы сын, әдемі әзіл түрінде құрылып жүр.

Мақал - мәтелдер халықтың жәні қолданытын тәрбие құралы. Қазақ халқының мысалдан, мәтелден, мақалдан сөйлейтін ұлттық, ерекшелігіне сәйкес оның мақал - мәтелдері де мол. Ауыздан - ауызға тарайтын бұл жанрлы халық күн сайын толықтырып отырады.

Халықтық ойындар мен ойыншықтар бала тәрбиесінде елеулі орын алады. "Ақсерек пен көксерек", "Алтынбалш" сияқты ойындармен бірге "Көктер", "Аудармалық" тәрізді спорттық ойындар дене тәрбиесінің негізі арқауы. Жас қызылар қуыршақ ойынымен кәсіп кәсіпкерлердің "қуыршақ театры" сияқты ойында да қуыршақ ойындарымен басталады. Ертеде ойыншықтарды, көбінесе балалардың өздері жасай, өз талғамы, өз еңбегі, өз өнері арқылы іске бейімделетін, ойын дамытып отыратын.

Ұлттық мерекелер мен тойлардың да тәрбиелік мәні зор. "Шілдекөне тойы", "Тұсау кесер", "Ағса мінгізу", "Наурыз тойы" тағы басқа тойлар мен мерекелер баланы шаттыққа бөлейді. Тойдың болашағынан болашағымыз қызық деп, халық тойға дайындық кезінде балаларды өнерге ынталандырып, еңбекке баулымы, салтанатты салттарды қайта өткізу жолдарын үйретеді. Әулеттік тағалымдар мен тәжірибелер бір атадан тарайтын әулеттік тұрмыстық әулеттік, әдеттік өзгешеліктері болып табылады.

Халықтық педагогика тәлім - тәрбиелік ой - пікірдің бастауы, халықтың рухани мұрасы. Сондықтан қазіргі таңда этнопедагогиканы оқу - тәрбие жұмысына мақсатты түрде енгізіп отыр.

Балабақшада қазақ этнопедагогикасын пайдалану іс-тәжірибесі

Инновациялық тәжірибе жұмыстары қазіргі педагогтың еңбек жолындағы дамуына өзгерістер әкеледі.

Ата қойылған міндеттерді түбегейлі шешу мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру бойынша эксперименттік жұмыс жүйесі жүргізіледі. Балалардың ұлттық тәрбие беру оқу процесінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезінде бақылаудан өтті.

Ал эксперимент ұсынылған бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында біз ересек топ балаларына этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасын әзірледік.

Кесте I

Мектеп жасына дейінгі балаларға халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасы

№	Тәрбиелеу және білім беру блогы	Тәрбиелеу және білім беру мазмұны
1	Салт-дәстүр, әдет-ғұрып	Тәрбиеленушілерді халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпін құрметтеуге, биік бағалауға тәрбиелеу
2	Шешендік сөздер	Шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, ертегілердің қойылымдарын жасап, оларды сахналаудың және тұлғаның қалыптасуына әсері мен маңызы, тәрбиелік мәні ерекше. Шешендік көркем сөздер мен мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар баланы мәнерлі, көркем сөйлеуге, шешендікке үйретеді, адамгершілікке, сұлулыққа, тияқырлыққа, еңбек сүйіспеншілікке тәрбиелейді
3	Ата-баба дәстүрі – ұрпақтарға өнеге	Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыруда, оны жан-жақты дамытып тәрбиелеуде үлгі-өнеге болатын ұлы тұлғалар мен хандар, билер, батырлар, классик ақын-жазушылар, ағартушылар, өнер адамдары өмірімен олардың жасаған туындыларын таныстырып, ерлік істерін үлгі ету, мақтаныш сезімдерін оқту
4	Әуен – сөз	Музыкалық шығармалардың авторы және айтыс, терме, жыр, күй, ұлттық би өнері туралы тәрбиеленушілерге тереңірек білім беру. Айтыс, терме, жырларды үйрету арқылы ұлттық өнерге деген қызығушылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу
5	Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық сәндік-қолданбалы өнер түрлері: зергерлік бұйымдар, ұлттық киімдер, киіз үй жабдықтары мен оның жасалу-жолдары мен оларды орнестеген ою-өрнек түрлерін таныстыру. Халықтың шеберлігін, ұлттық ою-өрнектерінің әсемдігін көре білуге тәрбиелеу

5	Ұлттық тағам	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тағам түрлері мен оның жасалу жолдарын таныстыру, ұлттық тағам түрлері, еттен, ұшпан, сүттен жасалатынын туралы түсінік беру
6	Табиғат тынымсы	Туған жердің байлығы орман, тоғай, көрықтар және оны мекен еткен жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыру, оларға қамқор бола білуге, табиғатты аялута тәрбиелеу
7	Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындарды үйрету барысында баланың тілін дамыту, бір-біріне деген достық, ынтымақ, ұйымшылдық, толеранттылық, ізеттілік сияқты, қасиеттерді дамыту және батылдыққа, ұқыптылыққа, зеректілікке, төзімділікке тәрбиелеу
8	Имандылық-нiрiмдерi	Туыстық қарым-қатынастар, туыстық атаулар мен жеті ата туралы түсінік беру. Айналадағы қоршаған адамдардың іс-әрекетін бағалап, жылы шырай білдіру, сыпайы сөйлеу, адалдық сақтау, достық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бауырмалдыққа баулу, жағымсыз жағ қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті болғандықтан, ойын түрлері этнопедагогика материалы ретінде негізге алынды. Ойындар картотекасы дайындалып, қажетті құралдар жасақталды. Балаларға дұрыс тұрғылық қатынас жасау, әрбір тәрбие жұмыстарын іргілендіру бағыттарына негізінде құру, жүйелілікті басшылыққа алу принциптері тәрбиешінің балаларға ұлттық тәрбие беру тиімділігін қамтамасыз етеді. Әрине, бұл жерде материалдық, әдістемелік, психологиялық жағдайлар да негізге алынуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика, халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің мазмұнын эксперименттік түрде тексеру оның барлық кезеңдерінде нәтижелі екендігін дәлелден береді.

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие берудің жай-күйін талдау зерттеуін отырған мәселенің көкейкестілігін айқындап берді. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымызды асырап қалмас үшін балабақшадан бастап қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, сана-сезімін, мінез-құлқын балалардың бойына сіңіру мәселесінің педагогика ғылымында қажеттілігі артып отырғандығын дәлелдеді.

Қазақ халқының ұлы ойшылдарының, көрнекті ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің құнды ой-пікірлерін зерделеу және тақырыпқа сәйкес ғылыми еңбектерді оқып-үйрену ұлттық тәрбиенің мәнін айқындап, оның негізгі халықтық педагогика екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық тұлғасын қалыптастыру мен дамыту үшін ең алдымен оның жас және дербес ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық негіздерін есепке ала отырып, ұлттық тәрбие беруді ұлттық психологияның негізгі ұстанымдарына сәйкес жүзеге асыру қажеттілігі анықталды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру балабақшада оқу-тәрбие процесін сабақтар мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Тәжірибелік-экспериментальдық жұмыс нәтижелері этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру жүйесінің тиімді екенін көрсетті.

Зерттеу проблемасы күрделі болғандықтан, оның барлық саласын қамтып шығу мүмкін емес. Халық педагогикасының мазмұны арқылы арқылы балаларға этномәдени білім беру, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселелерін зерттеу келешектің ісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақсақалова Б. "1001 мақал". // Қазақстан мектебі. 2003ж, №7.
2. Арзынбаев Х. "Қазақ отбасы". - Алматы: "Қайнар", 1996ж.
3. Асырғиева А. Ұлттық ойындар — халық педагогикасының құрамдас бөлігі. // Ұлт тағдырымы. 2002ж, №2.
4. Әбілқашырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор. // Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.
5. Әбілова З., Қалиева Қ. "Этнопедagogика". Алматы, 1999ж.
6. Әбуова А. Жамылтаныстар — тіл дамыту—құрылы// Бастауыш мектеп. 2003ж.
7. Нұрсанова З. Ертегілер еліне сөйхит. // Бастауыш мектеп. 2002 ж. №10.
8. Сағындықов Е. "Қазақтың ұлттық ойындары". - Алматы: "Рауан", 1994ж.
9. Сурицбаева Н. "Ұлттық әдет-ғұрыптар туралы". - Алматы, 1968ж.
10. Табылдиев Ә. "Халық тағдырымы". - Алматы: Қазақ университеті, 1992ж.
11. Табылдиев Ә. "700 жұмбақ". - Алматы: "Жалын", 1985ж.
12. Табылдиев Ә. "Қазақ этнопедagogикасы". - Алматы: "Санат", 2001ж.
13. Төлебекова Р. "Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика". —Алматы, 1994ж.
14. Ұзақбаева С. "Тимыры-терең тәрбие". —Алматы: "Білім", 1995ж.
15. Ұзақбаева С. "Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрлері". —Алматы: "Білім", 1990ж.